

Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру

Мемлекеттік орган	ҚР Ішкі істер министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғамдағы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) көрсетілетін қызметті беруші, 2) құжаттарды дайындаудың жаңа технологиясына сәйкес құжаттардың түр өзгерісіне байланысты жеке басын куәландыратын құжатты ауыстыру кезінде – www. egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
Қызметті көрсету мерзімдері	15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей (қабылдау күні мемлекеттік қызмет мерзіміне кірмейді)
Қызмет көрсету мерзімі жеделдетілген тәртіппен	Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалалары үшін - жеделділіктің 1-санаты бойынша 1 (бір) жұмыс күніне дейін; жеделділіктің 2-санаты бойынша 3 (үш) жұмыс күніне дейін; облыс орталықтары үшін - жеделділіктің 1-санаты бойынша 3 (үш) жұмыс күніне дейін; жеделділіктің 2-санаты бойынша 5 (үш) жұмыс күніне дейін; облыстардың қалалары және аудандары үшін – жеделділіктің 3-санаты бойынша 7 (жеті) жұмыс күніне дейін. (қабылдау күні мемлекеттік қызмет мерзіміне кірмейді)
Қызмет құны	паспорт беру – 8 ЕАК жеке куәлігінің беру – 0,2 ЕАК
Құжаттар тізбесі	1) мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек немесе баж төлеуден босатылған растайтын құжаттарын; 2) мына құжаттардың бірі: туу туралы куәлік (16 жасқа толған соң жеке куәлік алу кезінде, 16 жасқа дейін паспорт алу кезінде) және ата-анасының бірінің жеке куәлігі (баланың азаматтығын растау үшін). Шетелдік ата-анасының баланың ҚР азаматының жеке басын куәландыратын құжатын алуға (бала ҚР тыс жерлерге туған және ата-анасының азаматтығы әртүрлі болған кезде, олардың бірі бала туған кезде ҚР азаматтығында болған және ата-анасының екеуі бірдей осы кезде ҚР тыс жерлерде тұрақты тұрған

кезде) нотариалды түрде куәландырылған келісім-өтінішін ұсыну қажет;

ҚР азаматының паспорты (паспорт ауыстырған, ҚР азаматының жеке куәлігін жоғалтқан кезде);

ҚР азаматының жеке куәлігі (ҚР азаматының жеке куәлігін ауыстырған, ҚР азаматының паспортын жоғалтқан не оны бірінші рет алған кезде);

ішкі істер органдары беретін белгіленген нысандағы ҚР азаматтығына қабылданғаны туралы анықтама (ҚР азаматтығына қабылдануға байланысты құжаттарды алған кезде);

ҚР шетелдегі мекемелері берген қайтып оралуға арналған куәлігі (ҚР азаматының паспортын шет елде уақытша жүргенде жоғалтқан кезде);

еркін нысандағы жазбаша өтініш (азаматтың хал актісіне туу туралы, туған жері, ұлты туралы өзгерістерді енгізе отырып айқындамалық деректерді өзгерткен, жоғалған жеке куәлік және (немесе) паспортты қалпына келтіру мәселесі бойынша жүгінген кезде).

Қызмет көрсету нәтижесі

ҚР азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін беру

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020192#z14>